

allows the speaker, on the one hand, to remain within the conditional limits of decency, and on the other hand, to carry out his critical intention in relation to the object of the statement.

Key words: humor, game discourse, comic, irony, sanctions.

Received: 26.03.2023

MFTAP 81:37.016

DOI: 10.59102/kufil/2023/iss1pp11-17

П.Т.Медетбекова¹, М.С. Рахимова²

¹ф.ғ.к, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Алматы қаласы, 050040, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2788-3478> . E-mail: medet_73@mail.ru ¹

²магистрант Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, 050040, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-5881-8941> . E-mail: maral_sultanbekkyzy@mail.ru ²

АМЕРИКАЛЫҚТАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдерімен қарым қатынас орнату, шетелге шығу, шетелдіктердің елімізге қандай да бір мақсатпен бару\келу барысында орын алатын ерекшеліктер мен қызықты жайттар жиі кездесіп жүргені анық. Әр ұлттың өзіне тән құндылықтары, ерекшеліктері коммуникация барысында көрініс табады. Өзге елге келгенде алғашқы әсер әр ұлтқа әртүрлі түсінік қалыптастырады. Бұл сөйлеу барысындағы әрекет қана емес, сонымен қатар ым-ишара арқылы да жүзеге асатыны белгілі.

Мақалада басты қарастырылған мәселе америкалықтардың қарым-қатынас барысындағы мінез-құлық түрлері және тілдік, оның ішінде вербалды да, бейвербалды ерекшеліктері жинақталып, қарастырылды. Коммуникация барысында қазақстанға келген америкалықтарда болатын мәдени шок, коммуникативті шок алуының себептері мен жағдаяттарын жинақтау арқылы талдаулар жүргізілген. Коммуникативті мінез-құлықтың жалпылама, яғни қарым-қатынас барысындағы алғашқы ортақ әрекеттерге байланыстылығында. Себебі, тіл үйрену барысында да, алғашқы коммуникация орнату барысында да мұндай жайттарды ескеру ары қарай коммуникацияның орнауына және зерттеуге көп септігін тигізеді.

Кілт сөздер: коммуникативті мінез-құлық, коммуникативті шок, мәдени шок, лингвомәдениеттану, вербалды амал, бейвербалды амал, коммуникативті мінез-құлықтың түрлері.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Біздің зерттеуіміз жоғарыда айтып өткендей, қазіргі елімізде көптеген елдермен байланыстың нығаюына орай студент жастардың білім алып, қоғамымызда мәдениаралық байланыстан зерттеу жүргізу қажеттілігі қызығушылығымыздан туындап отыр.

Мұндағы айтпағымыз, тілді зерттеу және тіл үйрену барысында, тілдің ішкі табиғаты ғана емес, сол тіл өкілдерінің мәдениеті, тұрмысы, өмірлік ұстанымдары, т.б. арқылы тілді меңгеру мүмкіндігі жайлы ғалымдар ертеректе айтып өткен. Дегенмен, алғашқы қоршаған орта, халықтармен қатынасқа түсу барысындағы тілдік ерекшеліктерді қарастыру зерттеуіміздің басты мақсаты болмақ.

КІРІСПЕ

Бүгінгі қоғамда өзге ұлт өкілімен тілдік қатынас орнату мәселесі кеңінен етек жаюда. Олай дейтін себебіміз, шетелге шығу немесе шетелдіктердің елімізге келуі қазіргі уақытта

жаңалық емес, десек артық айтпағанымыз. Саяхаттап та, іссапармен де немесе біліктілік арттыру мақсатында, тағысы тағы түрлі мүмкіндіктермен араласу үдерісі қарқынды жүруде. Осы орайда, яғни өзге халықпен қатынасу барысында көптеген қызықты жайттар орын алып жатады. Әр ұлттың өзіндік танымы, өмірлік ұстанымдары болатыны белгілі, дегенмен өзге халықтардың кейбір жайттары қызық немесе ерекше, керек десеңіз мәдени сенделіс туындатуы да бар.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Тіл – тек мәдениетті танушы құрал ғана емес, тілдің бойында мәдениеттің арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш. Тіл рухының ұлы күші халықтың ой-танымында, мінез-құлқында, әлеуметтік өмірінде сақталған. Өйткені адам баласының ой-санасы, сол арқылы істеген еңбегі, мінез-құлқына сай табиғатын қалыптастыруы, өз танымына сай өмір салтын қалыптастыруы тұтастай бір мәдениеттің дүниеге келуінің үлкен себепшісінің бірі. Осымен байланысты этностың психологиялық жайын тілге қатысты болжаулармен дәлелдеген В.фон Гумбольдт концепциясында: «Тілдің табиғаты мен тегі тіл мен ойлаудың халық рухымен байланыстылығында» деген құнды пікірімен бағаланды. Ал, осы пікірді ғылыми жолға түсіруші неміс ойшылдары Г. Штейнталь мен М. Лацарус халықтық психология сынды әлеуметтік психология проблемаларын шешу жолына елеулі үлес қосқандардың, негізін қалаушылардың қатарынан орын алды.

Олар өз еңбектерінде халықтық этнотаным психологияның мәні, тілдің ішкі мазмұны адамның мінез-құлқымен байланысты деп түсіндіріп «тіл мәдениетке қатысты алғанда индивидтің шығармашылық әрекеті», «халық рухы алдымен тілде» [1, 92] деп түйіндеген. Осы ғылыми тұжырымдардың бастамасымен бұл үрдіс ғылымда өз жалғастығын тапқандығын төмендегі сияқты пікірлерден көреміз. Ғалым А.Вежбицкая бұл туралы: «Каждый язык национально специфичен. При этом в языке отражаются, не только особенности природных условия и культуры, но и своеобразие национального характера его носителей», – деп көрсетеді [2, 19]. Демек этнопсихология ілімінің тіл аясында мәдени факторларсыз анықталуы, оның жіті танылуын қамтамасыз ете алмайды.

Тілдің ерекшелігін әлеуметтану тұрғысында зерттеген ғалым В. Вундт өз еңбектерінде күрделі интеллектуалдық әрекеттердің ұлттық мәдениетті танудағы орнына ерекше назар аударады. Ол – ұлттық рухты жаңғыртатын факторлар, салт-дәстүрлер олардың дамуы мен халық мәдениетіндегі рөлін әлеуметтік рухани құбылыс деп бағалаудың бағытын көрсетті. Расында да, ұлттық рухтың нағыз келбетін танытатын – салт-дәстүрлер деп танымыз. Этностың бар өміріне рухани азық болған, тұрақты ұрпақ жалғастығына себепкер құбылыс салт-дәстүрлердің ұлттық мәдениет бастауы екендігі сөзсіз. Ресейлік тілші ғалым А. Потебня аталған құбылысты мойындап, ғылыми тұрғыдан жаңа бағытқа жол салушы, деп білеміз.

Ғалым А. Потебня, тіл халық мәдениетімен біте қайнасқан ұғым деген түсінікті қалыптастыра келіп: «Тіл – халықтық «рухтың» жемісі, сондықтан тіл ұлттық ерекшелікті көрсетеді» деген пікір білдіреді.

Мәдениет – тілдің таңбалану қасиеті арқылы танылатынын, оған дәлел халық ауыз әдебиеті үлгілері екендігін жан-жақты сөз ете келе: «Халық рухы «алдымен тілде, содан кейін барып әдет-ғұрып, салт-дәстүрінде, ән өнерінде, фольклорында көрініс береді» деп қорытады [3, 117].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ғалымдардың зерттеулері ұлттық тіл мен халық мәдениеті арасындағы сабақтастықты әуел бастан болжап, тілдің ішкі формасына саятын қасиеттерін танытудан туған. Ішкі форманың тілдегі көрінісін алға тартқан ғылыми құнды ойлар мен тұжырымдар тіл ғылымының жаңа бағытымен ерекшеленетін лингвомәдениеттану ғылымының болжамы іспеттес.

Тіл білімінде – тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы XIX ғасырдан бастау алып, күні бүгінге дейін өзекті мәселе екені белгілі. Бұл мәселені шешу В. фон Гумбольдт еңбектерінен бастау алған.

В. фон Гумбольдттың негізгі тұжырымдамалары: а) материалдық мәдениет тілде көрінеді; ә) кез-келген мәдениет ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде көрінеді; б) ұлттық рухының көрінуі оның мәдениетінде; в) тіл – адам мен оның қоршаған ортаны жалғастырушы аралық [4, 68], деп атаған.

Оның тұжырымдамалары А.А.Потебня, Ш. Балли, Ж. Вандрис, М.А. Бодуэн де Куртэне, Р.О. Якобсон және басқа зерттеуші ғалымдардың еңбегінде жалғасын табады.

Ал, қазақ тіл білімінде Ә.Т. Қайдар, Е. Жанпейісова, М.М. Копыленко, Р. Сыздық, Т. Жанұзақов, Н. Уәлиұлы, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова сынды көптеген ғалымдарымыздың ғылыми зерттеулерінен де жоғарыда аталған тұжырымдардың оң пікірге ие екенін байқай аламыз.

НӘТИЖЕЛЕР СӨЗІ

Тіл мен мәдениет коммуникативтік үдерісте, онтогенезде, филогенезде көрініс тауып, тығыз байланыста екені белгілі. Ал коммуникативтік үдеріс барысында халықтың мінез-құлқы, яғни дұрыс қабылдауы сөйлеу әдебінде. Сөйлеу әдебі әр халықта әртүрлі. Алғашқы коммуникативті мінез-құлық *сәлемдесу/қоштасу барысында күлімсіреу, қол алысып амандасу, құшақтасу, сүйісу* әр ұлтта өзіндік ерекшеліктермен көрініс табады. Қандай да бір ортада: жұмыста, оқу орнында, қонақта делік әдептілік нормалар сақталатын қағидалар көптеген халықтарға ортақ екені белгілі.

Дегенмен ұлттық ерекшеліктер қарым-қатынас барысында қандай да бір айырмашылық көрінісін бейнелейді десек, ол жәй ғана айтылғандық емес. Айтпағымыз, екі халық өкілдерінің арасындағы орнаған қарым-қатынас барысында халық өкілінің біріне қызық болып көрінуі мүмкін. Америкалық антрополог Эдвард Холлдың пікіріне сүйенер болсақ, «мәдениет – коммуникация, ал коммуникация – мәдениет», деп айтып өткендей [5, 169]. Кейде ол мүлде сол халыққа жат немесе өрескел әрекет деп танылады. Мысалы, америкалықтар «ұлтын сұрау» немесе табыс жайында қойылған сұрақтарды ыңғайсыз, өрескел қызығушылық ретінде қабылдайды. Бұл «коммуникативті шок» тудыруы әбден мүмкін.

Екі халық өкілінің тікелей қарым-қатынас барысындағы материалдық не рухани сәйкессіздік біріне «мәдени шок» туындатуы мүмкін. Яғни эмоционалды немесе физикалық ыңғайсыздық өзге мәдени ортаға, бейтаныс жерде туындаған тұлғаға тигізер әсері бар. Жалпы «мәдени шок» терминін ғылымға 1960 жылы америкалық зерттеуші Калерво Оберг (Kalervo Oberg) енгізген. Бұдан айтпағымыз, коммуникативті мінез-құлық зерттеу нысаны ретінде қарастырғанда коммуникативті шок халықтар арасындағы алшақтық, мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайындағы түсінбеушілікке алып келеді.

«Коммуникативті шок» «мәдени шок» сынды танымдық және тілдік стереотип реакциялары арқылы көрінеді, мысалы: қытайлықтардың түсінігі бойынша жақын достар бір-біріне қандай жағдайда болмасын алғыс білдірмеу керек; ал америкалықтарға қызық көрінетін жайт, мейрамханада тамақтанып кетіп бара жатқан адам неліктен қоштасады және неліктен алғыс білдіреді?, деген сұрақ туындайды. Олардың түсінігінше, кіргенде сәлемдесу керек, ал кетіп бара жатқанда қоштасу міндетті емес, себебі олар таныс емес, деп есептейді. Ал, неміс халқын қонақтардың кетіп бара жатып алғыс білдіруі таңғалдырады. Бір ғана «рақмет», деп алғыс білдірудің өзін әр халық әртүрлі қабылдайды. Көріп отырғанымыздай, әр халықтың өзіндік танымы, ерекшелігі қарым-қатынас барысында орын алады. Бұл, яғни коммуникативтік шок тек таңғалдырып қана қоймай, ыңғайсыздық пен өрескелдік туындатуында.

Коммуникативті шок – бұл мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайындағы көрініс қана емес, онда түсінбейтін және таң қалдыратын немесе өзге халық өкілі қабылдай алмайтын қарым-қатынас нормалары мен дәстүрлеріне жат алшақтық, яғни коммуникативтік мәдениет тікелей лингвомәдени қоғамдастық тұрғысында қарастырылады.

XX ғасырдың аяғынан бастап коммуникативті мінез-құлықты зерттеуге деген қызығушылық кеңінен орын ала бастаса, ал кейінгі жылдары екі немесе одан да көп халық

өкілдерінің арасындағы қарым-қатынастың өзге де бағыттары кеңінен зерттелуде. Мысалы, ер мен әйел арасындағы коммуникативті мінез-құлық, яғни гендрлік лингвистика бойынша И.А. Стернин (1999), О.В. Высочина (1999), Р.В. Серебрякова (1999); ал арнайы кәсіби топ өкілдерінің коммуникативтік мінез-құлық жайында Н.В. Багрянская (2000), О.М. Дедова (1999), Н.А. Мруць (1999), А.С. Кожевникова (2000), т.б.; түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің коммуникативті мінез-құлықтары әлеуметтік лингвистика аясында Н.А. Лазуренко (2000), И.А. Ашкова, Е.И. Горбунова, К.Л. Косинова (2000), Я.Т. Рытникова (1996), М.К. Шалина (1998); сонымен қатар жеке тұлғалардың коммуникативтік мінез-құлықтарына қатысты Г.Н. Беспамятнова (1994), Е.А. Голицина (1998), С.К. Кочетова (1999); коммуникативті мінез-құлықтың жас ерекшелігіне қарай топтастыра қарастыруда келесі ғалымдар үлес қосуда: В.В. Горькова (1997), Е.И. Грищук (1999), С.А. Курганская (1997), Н.А. Лемяскина (2000), Л.С. Марочкин (1998), Б.С. Озерова (1997), Т.И. Полюкова (1997), С.А. Чернышова (2000), В.С. Еремеева, Г.А. Хризман (2000) және т.б. көптеген ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады.

Жоғарыда көрсеткендей, кейінгі жылдары ғалымдар коммуникативті мінез-құлықтың теориялық тұрғыдан ұлттық, топтық және жеке, деп үш түрге бөліп зерттеуде.

Сондай ақ, екі халық өкілінің арасындағы коммуникативті мінез-құлық түрлері мен ерекшеліктеріндегі коммуникативтік шоктың вербалды және бейвербалды болуында.

ТАЛҚЫЛАУ СӨЗІ

Зерттеу нысанымыз бойынша елімізге АҚШ-тан келген америкалықтардан жинақталған материалдар арқау болып отыр.

Ең алдымен ескеретін мәселе, америкалықтардың коммуникативті мінез-құлқы орналасқан аумағына қарай, яғни штаттары бойынша ерекшеленуінде. Ал, жинақталған вербалды және бейвербалды материалдар ортақ қорытынды негізінде алынып отыр. Мысалы, америкалықтардың мінезі жағынан ұстамды, сабырлы, салқын қандылығымен ерекшеленеді және еркін, сонымен қатар тәуелді болудан өздерін алыс ұстайды. Бейтаныс адамдармен өте сыпайы, әңгіме барысында екінші жақты мұқият тыңдап, үнемі жымию оларға тән қасиет, сондықтанда орыс тілінде «американская улыбка» деген сөз қалыптасқан және қойылған сұрақтарға қатысты қысқа, онда да ол сұрақтар оларға тән, жағымды болған жағдайда жауап береді. Өзге халық өкілдерімен салыстырғанда оларға: *Табысыңыз қанша?, неше жас тасыз?, ұнатқан жігітіңіз, не қызыңыз бар ма?, қашан отбасын құрасыз?*, сынды сұрақтар мүлде жат. Ондайда сұрақтар қойылған жағдайда олар өздерін ыңғайсыз сезініп, сегелдеңге түседі, яғни бұл коммуникативтік шок алуында. Оларды қызықтыратын сұрақтар жансыз заттар, саяхат, мансап туралы болғанды ұнататынын аңғардық. Сонымен қатар, олар киім, дүние-мүлік туралы да сөз өрбіткенді қаламайды.

Осы орайда, профессор И. А. Стерниннің «Коммуникативное поведение» (2008 ж.) атты еңбегінде ресей тілшісі америкалық танымал тележүргізушісімен сұхбаттаса отырып, аяғында келесі сұраққа жауап алмақ болады: «Скажите, а сколько Вы зарабатываете?» Бұл сұраққа америкалықтың коммуникативтік шок алғанын көруге болады, оның алғашқы жауабы: «Сколько я зарабатываю? Вы хотите знать, сколько я зарабатываю?», деп қобалжып қайталайды, ал ресейлік тілші дым болмағандай, ештеңе сезбей қайта сұрағын қояды. Америкалықтардың сұрақты қайталауы, сұрақтың ыңғайсыз, олар үшін өрескел екенін білдіреді, деп берген. Ал, тілші: «Да, сколько Вы получаете?» Американец крайне растерялся и засмеялся нервным смехом: «О, сколько я зарабатываю...Ну, я много зарабатываю... Очень много...Больше, чем мне нужно...» И тут он стал оправдываться перед Д. Крыловым, стал говорить, что и за меньшую зарплату он бы так же хорошо работал, что ему нравится его работа. Тут решили завершить интервью. Американец на прощание пожал ему руку и, продолжая улыбаться, невпопад сказал: «О, сколько я получаю... Вопрос о моей зарплате мне еще никто в моей жизни не задавал...» [6, 8].

Америкалықтардың өмірлік қағидалары мен ұстанымдары жайында көптеген мысалдар келтіре беруге болады. Олардың ішінде коммуникация барысында жағымды да, жағымсыз мінез-құлықтар кездеседі.

Ресей ғалымы В.И. Карасик коммуникативті мінез-құлық көп өлшемді, дей келе ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып ұлттық коммуникативті мінез-құлыққа қатысты онға жуық ұстанымдарды атап өтеді. Одан шығатын қорытынды, коммуникативті мінез-құлықты анықтау, не зерттеу барысында жоғарыда атап өткеніміздей экстралингвистика, интралингвистикалық факторлардың елеулі үлесін ескеру қажет ақ.

Америкалықтардың коммуникативті мінез-құлықтарын қарастыра отыра, келесі кестеде көрсетілгендей вербалды байланысына қатысты өздерінің пікірі, олар тікелей байланысты қолдайды, жазбаша байланыс тіпті ұнамайды. Бетпе бет қарым-қатынасты қолдайтыны, сұрақ-жауаптың орынды болуын және әзілден де алыс емес екенін байқадық, енді бір ерекшелігі сөйлеу барысында тонның жоғары немесе қатты сөйлейтіндері анықталды.

Зерттеуіміздің барысында америкалықтардың коммуникация барысындағы мінез-құлықтарында орын алатын вербалды амалдар мен бейвербалды амалдар жинақталды. Осыған орай жинақталған вербалды амалдардың түрлерін төменде берілгендей:

- **тікелей байланыс:** америкалықтар тікелей қарым-қатынас жасаушылар қатарынан, яғни олар тікелей, анық және біржақты сөйлейді. Бұл қарым-қатынаста сын айтылса да, сыпайы және сынаудан аулақ болуға тырысады. Кәсіби ортада адалдық пен шынайылықты қолдаушылардан.

- **сұрақ қою:** әдетте америкалықтар бірдеңе түсініксіз болған жағдайда еш қысылмастан, еркін сұрақ қоя береді. Егер коммуникация барысында ешқандай сұрақ қойылмаса, демек бәрі түсінікті деп есептейді.

- **тон:** америкалықтар қоғамдық орындарда, әсіресе толқып тұрған кезде, жоғары тонда сөйлейді. Алайда, олар эмоцияға берілуді қолдай берілмейді. Мысалы, егер біреу эмоцияларын ұстай алмаса, оны оңашада қалдырған дұрыс және адамдардан эмоцияларын жасыруын талап етпейді, дегенмен бақылауда ұстау қажет, деп есептейді

- **әзіл:** америкалықтардың әзілі әдетте тікелей, көбінесе физикалық комедияға немесе асыра сілтеуге негізделген. Ирония, сарказм немесе кемсіту аз қолданылады.

Тақырып бойынша университеттің біріне АҚШ-тарынан келген 22-27 жас шамасындағы студенттермен сөйлесу барысында байқағанымыз, олар біздің жастардан айырмашылығын анықтадық. Мысалы, оларға көшеде бейтаныс адамның «қарындас/девушка», деп айтуы ерсі. Олардың танымында әр адам жастайынан еркіндікте болғанын қалайды. Қарапайым мысал ретінде, дастарқан басында, не бір жерге жиналғанда «жүр» немесе «кеттік» деген сөздер оларға өте өрескел, оларға бұл біреудің жетегінде жүргендей, не біреудің айтқанымен жүретіндей сезілетінге ұқсайды. Қазақта, «дастарқанға жайғас», «тамақтан ал» сөздері жиі қолданылады, ал мұндай сөздер оларға өрескелдік екен. Әңгіме барысында, ортақ таныс адам, «ұлт» туралы әңгіме мүлде табиғаттарына жат екенін байқадық.

Ал бейвербалды амалдарға тоқталар болсақ, америкалықтар коммуникация барысында жақын адамдармен қол алысып, қалған жағдайда қатты жақындамауға, яғни ара қашықтық сақтауға қатты назар аударады. Нақтысы жеке кеңістік болған дұрыс. Мәселен іскери кездесу барысы болсын, қоғамдық көлік, не қандай да бір қоғамдық орында кезекте тұрған америкалыққа артында тұрған адам қатты жақындап кетсе, ол үнсіз кезегін күтпей кетіп қалуы әбден мүмкін. Олар үшін сөйлеушіге, не тыңдаушыға қарау, не қарап сөйлеу де әдептіліктің белгісі. Жымию америкалықтарға тән, «американская улыбка» деген сөз қалыптасып, көптеген ортада сіңіп кеткен. Алайда олардың жымиысы немесе күлімсіреуі шынайы болмауы мүмкін, дегенмен оларға тән қасиет. Коммуникация барысындағы мінез-құлықтары бейвербалды амалдар арқылы анықталғанын айта кету керек. Мысалы:

- **физикалық байланыс:** америкалықтардың басым көпшілігі көпшілік алдында, достары мен отбасы арасындағы байланыстарға өте сабырлы болады. Ерлер мен әйелдер

үшін күнделікті қарапайым және кездейсоқ жағдайда құшақтасу қалыпты жағдай. Алайда, өздері жақсы білмейтін және қызметтестермен физикалық байланысқа шектеу қояды.

- **жеке кеңістік:** америкалықтар әдетте жеткілікті деңгейде жеке кеңістікті сақтауға тырысады. Мысалы, олар мүмкіндігінше қоғамдық көлікте басқа жолаушылардан қашықтықты сақтауға тырысады. Егер америкалық өзіне басқа адамның тым жақын екенін сезсе, ол бұл туралы айтпай-ақ орнынан өзіне ыңғайлы қашықтыққа шегінуі мүмкін.

- **тыңдаушыға қарап сөйлеу (окулесика):** америкалықтар коммуникация барысында адаммен тікелей көз байланысын сақтауға бейім. Бұл жылулықты, ашықтықты, адалдықты және қол жетімділікті көрсетеді.

- **күлімсіреу:** бұл америкалықтар үшін қарапайым ізгі ниет. Америкалықтар жоғарыда айтып өткеніміздей, жымию/күлімсіреу тән, мысалы: көшеде бейтаныс адамдардың жанынан өтіп бара жатқанда немесе оларға жылы жауап бергенде жақсы лебіз білдіруі мүмкін.

- **ым-ишара:** америкалықтар ортаңғы саусақтың сәл көрінетін белгілеріне ренжуі мүмкін, тіпті егер бұл оларға бағытталмаса да. Мысалы, бетті ортаңғы саусақпен сипау пассивті-агрессивті әрекет ретінде қарастырылуы мүмкін. Сондықтан кездейсоқ қимылдар үшін тек ортаңғы саусақты пайдаланудан аулақ болған жөн.

Адамдар сұқ саусақты және ортаңғы саусақты алақанды сыртқа қаратып көтеру арқылы "бейбітшілікті" немесе пацифизмді көрсетеді. Сұқ және ортаңғы саусақтардың қиылысуы сәттілік тілейді. Шеңберді құрайтын бас бармақ пен сұқ саусақты түрту, қалған үш саусақты созу – «келісім» белгісі. Америкалықтардың басым көпшілігі мұны *бәрі жақсы* немесе бір нәрсені *мақұлдайтындығы* туралы белгі.

Жалпы америкалықтарды эмоционалды деп айту қиын, дегенмен сөйлесу барысында бейвербалды амалдарды қолдану ерекшеліктері аңғарылады. Ресми жиын, немесе әріптестер, не қоғамдық ортада кез келген адам арақашықтық сақтап, бір біріне жақын тұрғанды ұнатпайды немесе бейтаныс адам болса да, жақын адамдардың да бірін бірі түртіп, денесіне қол тигізуі де ерсі қылық деп біледі. Атын білмесе, өзіне қараған мезетте басын изеп, мимика арқылы белгі беріп, сөзге тартқанды қалайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуіміз бойынша америкалықтардың коммуникативті мінез-құлқын ашу барысында біршама жинақталған мәліметтер америкалық азаматтармен араласу барысында жинақталып, екі тіл, екі мәдениет арасындағы өрескелдік, ыңғайсыз жайттар ғылымда коммуникативтік шок, мәдени шок туындайтынын анықтадық. Бұл жайында ғалымдардың теориялық зерттеулері арқау болды.

Жалпы бүгінгі таңда қоғамымызда екі тілділер қатарына қарағанда, үш не одан да көптілділердің белең алуы халықаралық қатынастың нығаюынан. Дегенмен тіл үйрену барысында, сол тіл өкілдерінің мәдениеті мен мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі, т.б. танып білу маңызды орын алары сөзсіз. Сондықтан да бұл мәселені тереңірек қарастыру алдағы уақыттың еншісінде.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімі тарихы. Оқулық. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1999. – 203 б.

2 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Международное отношение, 1996. – 414 с.

3 Потебня А.А. Эстетика и поэтика. – М.: Искусство, 1976. – 614 с.

4 Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию / Пер. с нем. Под ред. Г.В. Рамишвили. – М., 1984. – 397 с.

5 HALL Edward T. The Silent Language. New York: 2001 Doubleday; p. 169

6 Стернин И.А. Коммуникативное поведение. – Воронеж, 2001. – 209 с.

Материал 25.03.2023 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Zhalmakhanov Sh.Sh. (1999) *Til bilimi tarihi* [History of linguistics.] Textbook. - Seen: KarMU publishing house, - 203 p.
- 2 Vezhbitskaya A. (1996) *Yazyk. Kul'tura. Poznanie*. [Language. Culture. Poznań.] - М.: International relations, - 414 p.
- 3 Potebnia A.A. (1976) *Estetika i poetika*. [Aesthetics and poetics.] - М.: Art, - 614 p.
- 4 Humboldt V. (1984) *Izbrannye trudy po yazykoznaniiyu* [Selected works on language learning] / Per. s nem. Under ed. G.V. Ramishvili. - М., - 397 p.
- 5 HALL Edward T. (2001) *The Silent Language*. New York: Doubleday; p. 169
- 6 Sternin I.A. (2001) *Kommunikativnoe povedenie* [Communicative behavior.] -Voronezh, - 209 p.

Коммуникативное поведение и языковые особенности американцев

П.Т.Медетбекова¹, М.С. Рахимова²

¹Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби, г.Алматы,050040, Казахстан.

В наше время понятно, что часто происходят необычные и интересные вещи при налаживании отношений с представителями других национальностей, выезде за границу, посещениях/приезде в нашу страну с какой-либо целью. Один из них заключается в том, что известно, что ценности и особенности каждой нации отражаются в процессе общения. По прибытии в другую страну первое впечатление создает различное восприятие для каждой нации. Известно, что это действие не только во время речи, но и посредством жестов.

В статье основное внимание уделяется типам поведения и языковым, в том числе вербальным и невербальным характеристикам американцев во время общения. Анализ проводился путем сбора причин и обстоятельств культурного шока и коммуникативного шока, возникающих в процессе общения у американцев, приехавших в Казахстан. Коммуникативное поведение является общим, то есть связанным с первыми общими действиями при общении. Это связано с тем, что учет таких вещей как во время изучения языка, так и во время первоначального общения будет в значительной степени способствовать установлению дальнейшего общения и исследований.

Материал поступил в редакцию журнала 25.03.2023

Communicative behavior and linguistic features of Americans

P.T.Medetbekova¹, M.S. Rakhimova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Kazakhstan.

Nowadays it is clear that unusual and interesting things happen when relationships with representatives of other nationalities are established, when we travel abroad, or foreigners visit our country for any purpose. The values and characteristics of each nation are reflected in communication. Upon arrival in another country we get the first impression which is different for each nation. It concerns not only the speech, but gestures also.

The article focuses on the types of behavior and language peculiarities, including verbal and non-verbal characteristics of American English during communication. The analysis was carried out by collecting the causes and circumstances of cultural and communication shock that arises in the process of communication among Americans who come to Kazakhstan. Communicative behavior is associated with the first actions during communication. Keeping such things in mind both during language learning and during initial communication contributes to establishing further communication and research.

Received: 25.03.2023